

3. Аликперова Н. В. Финансовые стратегии россиян: риски и барьеры // Народонаселение. 2019. №. 2. С. 120–132.
4. Алишев Т. Б. Основные теоретические подходы к интерпретации феномена доверия в социологии // Ученые записки Казанского университета. Серия Гуманитарные науки. – 2009. – Т. 151. – №. 5–1. – С. 22–29.
5. Алле М. Поведение рационального человека в условиях риска: критика постулатов и аксиом американской школы // THESIS. Т. 5. 1994. – С. 217–241.
6. Андреев, А. Н. Универсальные компетенции в современном образовании / А. Н. Андреев // Научные исследования и разработки. Социально-гуманитарные исследования и технологии. – 2021. – Т. 10. – № 1. – С. 9-14. – DOI 10.12737/2306-1731-2021-10-1-9-14. – EDN LUHTKL.
7. Белехова Г. В. Финансовая грамотность населения: влияние демографических характеристик // Доходы, расходы и сбережения населения России: тенденции и перспективы. – 2018. – С. 22–26.
8. Дробышева Т. В., Сарычев С. В., Мурзина Ю. С. и др. Экономическая социализация учащейся молодежи с разным экономической мобильности: факторы и механизмы // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Акмеология образования. Психология развития. – 2019. – Т. 8. – №. 4 – С. 341–347.
9. Земцов А. А., Осипова Т. Ю. Финансовая социализация в рамках предметной социализации студентов // Проблемы учета и финансов. – 2017. – №. 2 (26). – С. 22–27.
10. Иммернет как естественная среда развития иммерсивного технологического и профессионального обучения / С. Е. Шишов, В. А. Кальней, С. К. Попей-Оол, Е. Г. Ряхимова // Научные исследования и разработки. Социально-гуманитарные исследования и технологии. – 2022. – Т. 11. – № 3. – С. 3-13. – DOI 10.12737/2306-1731-2022-11-3-3-13. – EDN IXDOKI.
11. Кальней В.А., Шишов С.Е., Ковалев Д.С., Ряхимова Е.Г. Актуализация цифровых технологий в современном образовании // Вестник РМАТ. 2020. № 4. С. 73-76.
12. Кузеванова А. Л., Тупикова О. С. Потребительское поведение российской студенческой молодежи в условиях глобализации // Бизнес. Образование. Право. – 2017. – №. 3. – С. 15–18.
13. Кузина О. Е. Влияние финансового кризиса на ожидания и поведение россиян // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. – 2009. – №. 1 (89). – С. 26–50.
14. Лебедева, И. Б. Социализирующая функция вуза как условие профессионального и личностного становления выпускников / И. Б. Лебедева // Научные исследования и разработки. Социально-гуманитарные исследования и технологии. – 2022. – Т. 11. – № 2. – С. 57-63. – DOI 10.12737/2306-1731-2022-11-2-57-63. – EDN LWAWMZ.
15. Манузина, Е. Б. Уровень цифровой компетентности студентов как условие готовности будущих педагогов к использованию цифровых технологий в учебном процессе / Е. Б. Манузина, М. В. Хорошилова, С. И. Артемьева // Научные исследования и разработки. Социально-гуманитарные исследования и технологии. – 2022. – Т. 11. – № 1. – С. 33-43. – DOI 10.12737/2306-1731-2022-11-1-33-43. – EDN ACSKHX.

Сведения об авторе (авторах):

Гуранин В.Б. – аспирант Российской международной академии туризма, vgurinin@mail.ru

Guranin V.B. – postgraduate student of the Russian International Academy of Tourism, vgurinin@mail.ru

УДК 740
ББК 74,1

СӘБИЛІК ШАҚТА СЕНСОРЛЫҚ ДАМУДЫҢ ШАРТТАРЫ

Жандилдина Р.Е., Муханбетжанова А.А., Махина С.К.

¹*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ., Қазақстан*

Аңдатпа: Сенсорлық даму ақыл-ой тәрбиесінің негізі-сенсорлық тәрбие арқылы жүзеге асады. Ол баланың сезімдік тәжірибесінің дамуын және баюын қамтамасыз етеді, заттардың қасиеті мен сапасы туралы түсінігін қалыптастырады.

Кілт сөздер: Сенсорлық даму, ақыл-ой тәрбиесі, сенсорлық тәрбие бала, сезімдік, тәжірибе, заттар қасиеті, сапа.

УСЛОВИЯ СЕНСОРНОГО РАЗВИТИЯ В МЛАДЕНЧЕСТВЕ

Жандильдина Р.Е., Муханбетжанова А.А., Махина С.К.

Аркалыкский педагогический институт имени И. Алтынсарина, Аркалык, Казахстан

Аннотация: Сенсорное развитие является основой умственного образования, которое происходит через сенсорное образование.

Ключевые слова: Сенсорное развитие, умственное воспитание, сенсорное воспитание детей, чувствительность, опыт, свойство вещей, качество.

CONDITIONS FOR SENSORY DEVELOPMENT IN INFANTITY

Zhandildina R.E., Mukhanbetzhanova A.A., Makhina S.K.

Arkalyk Pedagogical Institute named after I. Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan

Abstract: Sensory development is the basis of mental education, which occurs through sensory education.

Key words: Sensory development, mental education, sensory education of children, sensitivity, experience, property of things, quality.

Білім беру жүйесін реформалау жағдайында оқыту мен тәрбиелеудің жеке тұлғаға бағдарлануы басты орынға шығып отыр. Сондықтан да білім берудің жаңа моделін құру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді ұлғайту, балалардың жан-жақты дамуына бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету негізгі міндет болып табылады.

Мемлекеттік жалпы міндетті мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру стандартында «Мектепке дейінгі білімнің нәтижеге бағытталған жаңа моделінің педагогикалық үрдісі баланың психологиялық қорғанышын, өмірге деген сенімділігін, өмір сүру қуанышын /психологиялық саулығын/, жеке тұлғалық қалыптасуын жеке мәдени базасын/, сонымен қатар балалар мен педагогтерді артық жүктемелерден қорғайтын, жеке бағыттағы сипатты көрсетеді» — делінген.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамыту үшін жас баланың психологиялық ерекшелігін жақсы білуі керек. Өйткені бала психологиясын білмей, баламен жұмыс жасап, одан нәтиже шығару мүмкін емес. Сондықтан «баланың бойында не бар, ол не істей алады, жасы өскен сайын ол қалай өзгеріп, нені үйреніп келеді?»-дегенді анықтау әлдеқайда маңызды. Баланың дамуы үлкендерді үнемі таңдандырады, әрі қуанышқа бөлейді. Ол бүгін кешегісіне, ал ертең бүгінгісіне ұқсамайды.

Алғашқыда басын жерден шаққа көтеретін, ол екі айдан кейін отырып, шылдырмақтармен ойнайды, ал тағы бірнеше уақыттан соң тәй-тәй басып, алғашқы қадамдарын жасайды [1].

Бұл қадам әлі сенімсіз, тәлтірек болғанымен, ең маңыздысы оның басталуында. Енді оның алдынан жаңа кең байтақ дүние – бұрын ол ағаш бесіктің тал қоршауының ішінде отырған кезде ойына кіріп те шықпаған жаңа дүние есігін ашады. Тағы бірсыпыра күндерден кейін ата-анасының ет-бауырын елжіретіп «ма-ма-ма», «ба-ба-ба» дегенді айтады. Содан соң сәби «мама» деп те, «папа» деп те, «бер», «ал» деп те айта бастайды. Әлі де сөз қоры аз болғанымен, бұл жердегі ең бастысы оның сөйлеуді бастағаны, оның адамзат тілінің бай қазынасына жол ашқаны.

Баланың үнемі ілгері ұмтылуы, оның мінез-құлқында, іс-әрекетінде жаңалықтың пайда болуы қарапайымдылықтан неғұрлым күрделі, ойланып атқарылатын қимылға ауысуы, сөйлеуді игеруі, дербестілігінің алғашқы көріністерінің пайда болуы, міне, осылардың бәрі сәбидің дамуын сипаттайтын фактілер. Жеке балалардың дамуындағы өзгешеліктерге, олардың өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, бүкіл сәбилердің бәріне ортақ қасиеттер болады. Олардың барлығы да дамудың бір кезеңдерінен, сатыларынан өтеді.

Психолог ғалым Ә.Алдамұратов сәби жастан бастап, баланың өсуін, дамуын үш кезеңге бөліп сипаттаған: «Алғашқы саты-сөйлеуге дейінгі кезең. Бұл кезең баланың екі айлығынан он бір айға дейінгі сатысы деп аталады. Екінші саты-баланың алғашқы тілінің шығу кезеңі-он бір айдан 1 жыл 7 айға дейінгі аралық. Үшінші сатыда бала тілдің грамматикасын меңгере бастайды. Бұл кезең үш жасқа дейінгі уақытты қамтиды. Бала тілінің шығуы оның дүниетаным шеңберін кеңейтіп, сөйлеу тілін дамытады», -деп қорытқан [1].

Мектеп жасына дейінгі баланың психикасы толық жетіліп қалыптаспағаны, қоршаған дүниені әлі толық танып-білмегені, сондықтан оның сөздік қоры да шамалы екенін барлық дерлік психологтар

көрсетіп отырған. Т.Тәжібаев ол туралы былай деген: «Мектепке дейінгі бала заттар мен құбылыстардың шын мазмұны мен қарым-қатынасын толық аша алмайды. Заттардың мазмұны мен ішкі байланыстарын дұрыс аша алмағандықтан, бала көбінесе заттардың сыртқы көрінісі мен құрылысына қарай бір-бірімен байланыстыра қабылдайды» — деген. Бұдан жас бала затты танығанмен, оның қасиетін бірден біле алмайтыны анықталды, олай болса заттың ішкі сырын ашуға тәрбиешінің көмегі керек екені анықталды. Ал психолог Қ.Жарықбаев: «Мектеп жасына дейінгі балалар түрлі нәрселерді ұстап, байқап, сипап қарайды, олардың формасын, үлкен-кішілігін көреді. Кейін есейіп, тәжірибесі артып, ой-өрісі кеңейген кезде заттардың кеңістікте орналасуын жақсы аңғара алатын болады» - деп көрсеткен.

Психолог ғалым М.Мұқанов «қоршаған дүниеде заттар көп, олардың ұқсастығы да, айырмашылығы да бар. Мектеп жасына дейінгілердің таным әрекетінде қоршаған дүниенің заттары мен құбылыстары бірінен соң бірі тәртіпсіз көрінеді. Оны қабылдау үшін ойша тәртіпке келтіруді ұсынады. Ойша тәртіпке келтіру деп отырғаны мынау: құбылыстар мен заттар тым шексіз, түрі мен қызмет жағынан ұқсас болып келеді.

Заттар мен құбылыстардың осындай ұқсас жақтарын, біріншіден, бір ұғымға жатқызып, топтастырып отыру қабылдау кезінде тәртіпсіздікпен күресуге мүмкіндік беретінін айтады. Екіншіден, тиісті нәрселерді ойша тәртіпке келтіру үшін нендей қасиеттер мен құбылыстар нәрсенің қандай түріне жататынын білу қажет. Үшіншіден, заттың салмағын, көлемін ұзын не қысқа екенін өлшемей-ақ білмесек, онда ортамызға бейімделу қиынға соғар еді». Баланың дүниетанымының өсуі қоршаған дүниемен таныстырумен тікелей байланысты. Сондықтан да ғалымдардың бәрі қоршаған ортамен таныстыруды баланың ақыл-ойын дамытудың негізгі нысаны ретінде алып отырған.

Тәрбиешінің міндеті заттар жөнінде, адамдар мен олардың еңбегі жайындағы балалардың ой-өрісін кеңейту болып табылады» - деп көрсетті. Енді мына біздің алдымызда үш жасар бала делік. Бұл — өзінің ерекше ішкі дүниесі, өзіндік тілегі, әдеті, талғамы бар, көп жағдайда өз дербестігін көрсетіп, оны табандылықпен сақтай алатын адам. Ол жүруді, қол сілтеп әр түрлі қимыл жасауды ғана емес, сонымен бірге киімдерді, ыдыс-аяқты, басқа да көптеген заттарды қолдану тәсілдерін де игереді, яғни сәбидің сенсорлық дамуының қарқынды кезеңі басталады.

Сенсорлық даму ақыл-ой тәрбиесінің негізі-сенсорлық тәрбие арқылы жүзеге асады. Ол баланың сезімдік тәжірибесінің дамуын және баюын қамтамасыз етеді, заттардың қасиеті мен сапасы туралы түсінігін қалыптастырады. Сенсорлық тәрбие дегеніміз- бұл түйсік пен қабылдаудың дұрыс бағытта дамуы. Түйсігі мен қабылдауы мол баланың қоршаған дүние жайлы көзқарасы кең, жан-жақты келеді. Сөйтіп баланың сенсорлық мәдениеті, оның түйсігі мен қабылдауының даму деңгейі ойдағыдай дамыған таным қызметінің алғы шарты болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі баланың сенсорлық дамуының бір-бірімен байланысты екі жағы бар. Біріншісі- заттар мен құбылыстардың әр түрлі қасиеттері мен байланыстары жөніндегі түсініктерді меңгеру. Екіншісі- қоршаған ортаны толықтай және жекелей қабылдауға мүмкіндік беретін қабылдаудың жаңа әрекетін игеру.

Мектепке дейінгі балалық шақта бала өзінің сенсорлық тәрбиесін жинақтау нәтижесі болып табылатын заттық үлгілерді қолданудан көпшілік қабылдаған сенсорлық этолонға ауысады. Сенсорлық этолондар дегеніміз – қасиеттер мен қарым-қатынастардың әр түрінің негізгі жеке түрлері жөнінде адамзатта қалыптасқан түрлері. Бұларға түс, пішін, заттардың шамасы, олардың кеңістіктегі орны, дыбыс күші, уақыт аралықтарының ұзақтығы, тағы басқалар жатады [2].

Баланың сенсорлық этолондарды игеруі балалар бақшасының бағдарламасына сәйкес жеке геометриялық пішіндермен, түстермен танысудан басталады. Заттардың қасиеттері туралы кез-келген түсініктер пайда болу сияқты сенсорлық этолонды меңгеруде, үлгілердің мәніне ие болуға тиісті тексерілуге бағытталған пішіннің жеке түрлері, түсі, шама бойынша қатысы басқа да қасиеттері мен қатыстылығы қабылдау әрекеттерінің нәтижесінде өтеді. Әйтсе де бұл жеткіліксіз 1 жастан 3 жасқа дейінгі сенсорлық тәрбие балалардың әр түрлі сенсорлық әсерлерін байытуға бағытталған. Ол баланың жалпы ақыл-ой дамуының негізін құрайды, сенсорлық этолондар мен қарапайым рәміздік нысандарды меңгеруге негізделеді және кейінгі танымдық, интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерді дамытудың алғы шарты болып табылады. Сенсорлық тәрбие жалпы сенсорлық қабілеттерді қалыптастыруды және балалардың бойында аналитикалық қабылдауда, түстердің үйлесімін заттардың пішіндерін тани білуді, шаманың жекелеген өлшемдерін ажыратуды көздейді.

Балаларды сенсорлық этолондардың көптеген түрлерімен және оларды жүйелеумен тетелес таныстыру - мектеп жасына дейінгі балаларды сенсорлық тәрбиелеудің басты міндеттерінің бірі. Мұндай таныстырудың негізінде әрбір қасиеттердің негізгі жеке түрлерін тексеру мен есіне сақтау балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру жатыр. Осы жеке түрлер этолондар мәніне ие болуы тиіс.

Балаларды сенсорлық этолондармен таныстыру заттардың қасиеттерінің негізгі жеке түрлерін білдіретін сөздерді баланың есінде сақтауын ұйымдастыру болып табылады[3].

Балаларға геометриялық пішіндердің, түстердің, шамалар қатынасының жеке түрлерін тек қана көрсетіп, олардың аттарын есте сақтауға қол жеткізген жағдайларда, тіпті дұрыс қолданатын сөздің өзі мектеп жасына дейінгі баланың ұғымдары мен қабылдауларын жетілдіруге себепші бола алмайды.

XX ғасырдың басында Монтессори талдап жасаған сенсорлық тәрбие жүйесі балалардың түстер мен реңктерді, пішіндер мен көлемдерді ажырату дәрежесі жоғары болуына қол жеткізуді өз алдына мақсат етіп қояды. Ол пайдаланған дидактикалық материалдар өзін-өзі бақылау принципіне сәйкес жасалған, сезімдік органдардың дамуы тіл дамуымен, өнімді қызметпен байланысты болған жоқ.

«Мен сияқты жаса» ойынын ойнатудағы негізгі мақсатым: Құрылыс материалдарын көлемдері мен пішіндері бойынша орналастыру. Жүру барысы: Ойын балаларға арналған құрылыс жинағының негізгі детальдарымен ойналады. Алдымен, екі-үш пішінді ойыншықтардан шағын құрылыс тұрғызамыз. Бала тәрбиешімен бірге сол түсті пішіндерді тауып құрастыруы керек. Ойынның күрделі нұсқасы «жасырылған құрылыс» болады. Мұнда бала көзін жұмып отырады, қалай құрастырып жатқанын көрмейді. Көзін ашып құрылысты жасауы керек. Нәтиже: Балалар зейінін тәрбиешінің іс-әрекетіне аудару арқылы құрылыс материалдарын көлемі, түсі, пішіні бойынша салыстыра отырып, дәл тәрбиеші жасағандай құрылыс құрастырады. Балада есте сақтау белгілі бір іс-әрекет арқылы жүзеге асады. Бала іс-әрекетте неге зейін қойса, оған не әсер етсе, не қызық болса, соны ғана есте сақтайды. Мысалы: «Қуыршаққа арналған сыйлықтар» ойынындашығармашылық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып түстері бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету. Жүру барысы: Бұл ойынға балалар екі топқа бөлініп қатысады.

Қуыршақтың туған күніне келген балалардың бірінші тобы әр түрлі түстегі пішінді ұсынса, қарсы топтағы балалар сол түске сәйкес, үстел үстіндегі затты қуыршаққа сыйлайды. Мысалы: қызыл түсті дөңгелекті ұсынса, екінші топ оған қызыл не түс бар, яғни алманы ұсынады. Алманы қуыршақ не істейді? деген сұраққа жауап алынады.

Ойын нәтижесінде балалар пішіннің дөңгелек, түсі қызыл екенін атайды да, қызыл түсті дөңгелекті алма бейнесінде қабылдайды, яғни салыстыру, топтастыру және тілдері дамиды. Сәбилік шақта баланың ойлауын дамытудың негізі қаланады. Балалар сыртқы бағдарлау іс-әрекетінің көмегімен заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстар мен қатынастар орнатуды талап ететін мәселелерді шешуден бейнелерді пайдалана отырып, қарапайым ойлау іс-әрекеттерінің көмегімен ойша шешуге көшеді.

«Кімнің киімі» ойыны.

Мақсаты: Ұл бала мен қыз бала киімдерін танып білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Өз киімдерін ажыратуға үйрету.

Жүру барысы: Ұл бала мен қыз бала киімдерін үстел үстіне тастап, тәрбиеші көрсеткен қуыршаққа өз киімін тауып беру. Бұл ойынға балалар түгел қатысуға болады. Мысалы: тәрбиеші қыз қуыршақты көрсетсе, оған қандай киім кигізетінін бала тауып беруі керек.

Ойын нәтижесінде балалар ойлау арқылы ұл және қыз бала киімдерін ажыратып, киім аттарын дұрыс айтуға және түстерін атауды үйренеді.

Бала сәбилік шақта-ақ заттардың кеңістікте орналасуын, көру іскерлігін меңгереді. Кеңістіктің бастапқы бағыттары туралы үшке қараған баланың ұғымы оның өз денесімен байланысты. Өз денесі оған центр, «есепті бастау» нүктесі болады, бала бағытты тек осыған байланысты анықтайды[4].

«Кішкентай көңілділер» ойыны.

Мақсаты: Сұлбалы суретті көріп қабылдау арқылы қолдануды үйрету.

Жүру барысы: Бұл ойын барысында бала сұлбалы суретті қолдануды үйренеді, әрқайсысында адамның сұлбалы суреті бейнеленген бірнеше карта дайындаймыз. Әр сызбадағы адам белгілі бір жаттығу жасап жатыр. Ойынды бастар алдында балаға сызбалардың бірін көрсетіп, түсінбей тұрғанын сұрау, сызбада көрсетілген жаттығуды дұрыс жасап жатыр ма? Осылайша барлық сызбаларды көрсетіп, балалармен бірге жасаймыз.

Ойын нәтижесі: Балалар суреттегі сызбаларға қарап, өз дене мүшелерін кеңістік бағыттары бойынша қозғалысқа келтіруді суретті сызба арқылы қабылдау нәтижесінде сенсорлық дамуы мен қимыл-қозғалыстары қатар дамиды. Сенсорлық этолондарды меңгеру заттардың қасиеттеріне баланың бағдарлануы мен тығыз байланысты екінші жағы-қабылдау іс-әрекетін жетілдірумен байланысты.

«Әр түрлі етіп көрсет» ойыны.

Мақсаты: Балаларға биік-аласа, жылдам-баяу, ауыр-жеңіл ұғымдарын меңгерту.

Жүру барысы: Биік-аласа. Бұл ойынға топпен қатысуға болады. Балалар шеңбердің бойымен жүреді. Тәрбиеші былай дейді: «Қазір сендер қақпа арқылы өтесіңдер, егер мен қақпа биік десем, осы қалыптарыңмен жүресіңдер, ал егер аласа десем еңкейесіңдер». Балалардың барлығын қатыстырып әрі қарай жылдам – баяу, ауыр-жеңіл сияқты қарама-қарсы сөздерді қолдана отырып, жалғастыруға болады.

Ойын нәтижесінде балалар затты балама түрде қабылдап қимыл-қозғалыс жасау арқылы көлем туралы ұғымдарды ойын арқылы меңгереді.

Ойынның айқын біртіндеп дамитын жүйесін пайдалана отырып, тәрбиеші балалардың дене құрылысы дамуының тиімділігін арттырады. Ол ойында балалардың шат, сергек көңіл күйін туғызады, ал эмоциялық ахуалдың дұрыс болуы баланың дене құрылысы мен нерв-психика жағынан толыса дамуының кепілі

Тәрбиеші ойын түрлерін балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, балалар ұғымын тиянақтау, яғни сабақтың кез – келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалануға болады. Ойын үстінде ақыл-ой міндетін шеше отырып, сәби өз еркімен есте сақтауға және қайта айтып шығуға, жалпы белгілері бойынша заттарды немесе құбылыстарды жіктеуге, заттардың қасиеттері мен сапаларын бөліп көрсетуге, жекелеген белгілеріне қарай оларды анықтауға жаттығады.

Ойын іс-әрекеті үстінде оқу ісі де қалыптаса бастайды, кейінірек ол бала іс-әрекетінің басты түріне айналады. Ойын кезінде қарапайым оқу әрекетін меңгеріп жүргенін сәбидің өзі де аңғармайды, яғни тәрбиеші оқытудың ойын формасын қолдану арқылы сәбидің оқуға көзқарасын ақырындап байқаусыз қалыптастырады.

Әдебиеттер:

1. Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. А. 1986ж
2. Сенсорные воспитание в детском саду Под ред. Н.И.Подъякова. В.И.Аванесовой- М.,1981.
3. Пилюгина Э.Г. Занятие по сенсорному воспитанию с детьми раннего возраста. М.,1983.
4. Сәтімбекова М.С. «Ойна да ойлан» Алматы.2000 ж
5. Сәтімбекова М.С., Жұмабекова Ф.Н. Біз мектепке барамыз.
6. (Хрестоматиялық жинақ). РБК.2001ж

УДК 37: 000.7: [7.071.5]

ББК 74.489

Л.Р. Золотарева

Қарагандинский университет им. Е.А. Букетова (Қараганда, Қазақстан)

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ КУРСА «ИСТОРИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ»

В статье рассматриваются основные категории: содержание художественного образования античности, Возрождения, академическая система в Европе, вопросы современного художественного образования в России и Казахстане; зарубежный опыт. Анализируется сущность понятий «полихудожественность», «профессиональная компетентность». Научная новизна проблематики заключается в систематизации научно-педагогического и искусствоведческо-культурологического материала, отражающего развитие истории и теории художественного образования; разработаны принципы воплощения в образовательный процесс.

Ключевые слова: художественное образование, Россия, Казахстан, опыт дальнего зарубежья, профессиональная компетентность.

Л.Р. Золотарева

Е.А. Бөкетов атындағы Қараганды университеті (Қараганды, Қазақстан)

ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА «КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫ» КУРСЫ

Мақалада негізгі категориялар қарастырылады: ежелгі дәуірдің көркемдік білімінің мазмұны, Қайта өрлеу, Еуропадағы академиялық жүйе, Ресей мен Қазақстандағы заманауи көркемдік білім